

# ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ


ISSN 1996-2029

## № 12 (168) 2020 ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

### Электронная система «ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО** на сайте [vip-kadry.mcfr.kz](http://vip-kadry.mcfr.kz)

- **ІСТЕР НОМЕНКЛАТУРАСЫ–2021 ҚАТЕСІЗ: ДАЙЫН ҮЛГІЛЕРІН ҚОЛДАНЫҢЫЗ**
- **2021 ЖЫЛЫ ШТАТ КЕСТЕСІНІҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ БЕС БАҒАНЫНДА ҚАЛАЙ ҚАТЕЛЕСПЕУГЕ БОЛАДЫ**
- **ӘРБІР КӘСІПҚОЙ БІЛУГЕ ТИІС E-MAIL-ЭТИКЕТТІҢ 15 ҚАҒИДАСЫ**
- **НОМЕНКЛАТУРА ДЕЛ–2021 БЕЗ ОШИБОК: ИСПОЛЬЗУЙТЕ ГОТОВЫЕ ОБРАЗЦЫ И ПОДСКАЗКИ**
- **КАК НЕ ОШИБИТЬСЯ В ПЯТИ ГЛАВНЫХ ГРАФАХ ШТАТНОГО РАСПИСАНИЯ НА 2021 ГОД**
- **15 ПРАВИЛ E-MAIL-ЭТИКЕТА, КОТОРЫЕ ДОЛЖЕН ЗНАТЬ КАЖДЫЙ ПРОФЕССИОНАЛ**



**НОВОЕ** в электронной системе:

- **Как использовать умный график отпусков?**

открыта подписка  
на **2021** год



ISSN 1996-2029



МЦФЭР–Казахстан

[www.kadry.mcfr.kz](http://www.kadry.mcfr.kz)



## Құрметті әріптестер!

Құжаттармен жұмыс болжалдауды ұнатпайды. Бұл қарапайым адамдар үшін көбінесе байқалмайтын үздіксіз, ықтият еңбек. Жаппай цифрландыру дәуірінде бұл сонымен қатар заманауи технологияларды меңгеру, жаңа, стандартты емес шешімдерді іздеу және жаңа білімді игеру болып табылады. «Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу» журналы көптеген жылдар бойы іс қағаздарын жүргізу және архив ісі саласындағы заманауи жетістіктер әлеміне бастаушы болды.

«МЦФЭР–Қазақстан» ЖШС-ның барлық қызметкерлерінің жоғары кәсібилігінің арқасында компанияның көптеген ақпараттық өнімдерінің мінсіз беделі бар және ол өнімдер көптеген жылдар бойы кәсіби ортада тұрақты өсіп отырған сұранысқа ие.

Осы басылымның кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі биыл ерекше байқалды. Жаппай карантин кезеңінде бейтаныс шындыққа тап болған көптеген мамандар ол жағдайға дайын болмады. Журнал сол кезде саладағы маңызды оқиғаларды жедел жариялап, мамандардың сұрау салуларына жауап беріп, нақты жағдайларда практикалық ұсынымдар берді.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің ұжымы «МЦФЭР–Қазақстан» ЖШС цифрлық баспасының ұжымын, серіктестерін, «Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу» журналының авторлары мен жазылушыларын еліміздің Тәуелсіздік күнімен және келе жатқан Жаңа 2021 жылмен құттықтайды!

Өткен жылғы жемісті ынтымақтастығымыз үшін алғыс айтамыз. 2021 жылы біздің серіктестігіміз одан да жемісті болады деп сенеміз!

Жұмыстарыңыз сіздерге қуаныш пен қанағат әкелсін, сіздерді біліммен және өмірлік даналықпен байытсын. Дендеріңіз сау, бақытты болыңыздар. Барлық жоспарларыңыз бен армандарыңыз орындалсын. Жаңа жылда әр күндеріңіз жағымды эмоциялар әкеліп қана қоймай, мақсаттарыңызға жетуге көмектесетін баға жетпес тәжірибе беруіне тілектеспіз!

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивтің директоры

А. Қарымсақов

## Уважаемые коллеги!

Работа с документами не терпит приблизительности. Это непрерывный, кропотливый и, зачастую, незаметный для глаз обычных людей труд. В эпоху всеобщей цифровизации это ещё и непременное освоение современных технологий, поиск новых, нестандартных решений, овладение новыми знаниями. На протяжении многих лет журнал «Делопроизводство в Казахстане» является проводником в мир современных достижений в области делопроизводства и архивного дела.

Благодаря высокому профессионализму всех сотрудников ТОО «МЦФЭР–Қазақстан» многочисленные информационные продукты компании востребованы на протяжении многих лет, имеют безупречную репутацию и стабильно растущий спрос в профессиональной среде.

Особенным образом профессионализм и компетентность этого издания были продемонстрированы в этом году. Оказавшись в незнакомой реальности в период всеобщего карантина, многие специалисты были не готовы к новым условиям. Журнал в это время оперативно освещал важные события в отрасли, реагировал на запросы специалистов, давал практические рекомендации в конкретных ситуациях.

Коллектив центрального государственного архива Республики Казахстан поздравляет коллектив Цифрового издательства ТОО «МЦФЭР–Қазақстан», партнёров, авторов и подписчиков журнала «Делопроизводство в Казахстане» с Днём Независимости страны и наступающим Новым 2021 годом!

Благодарим за плодотворное сотрудничество в уходящем году. Надеемся, что в 2021 году наше партнёрство станет ещё более плодотворным!

Пусть работа приносит вам радость и удовлетворение, обогащает знаниями и жизненной мудростью. Будьте здоровы и счастливы. Пусть исполнятся все ваши планы и мечты. Желаем вам, чтобы каждый день в Новом году приносил не только положительные эмоции, но и дарил бесценный опыт, который поможет идти к намеченной цели!

Директор Центрального государственного архива Республики Казахстан

А. Карымсақов

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казакстан»  
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова

ТОО «МЦФЭР–Казакстан»

Редакция тематического направления  
«ОХРАНА ТРУДА, КАДРЫ  
И ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО»

Руководитель тематического направления –  
С. Е. Сергеев  
head.kadry@mcfr.kz  
Главный редактор журнала –  
А. С. Ким  
kadry-otk2@mcfr.kz  
тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)  
Редактор по работе с авторами –  
И. В. Пильгук  
Литературный редактор-переводчик  
текстов на казахский язык – К. О. Исламова  
Руководитель отдела допечатной  
подготовки – А. Х. Дербесова  
Дизайнер-верстальщик – В. Ю. Чукунова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,  
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,  
офис 712

тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – Н. П. Волосатых,  
bnt2@mcfr.kz  
тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 134)

Отдел адресной подписки и сбита

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13  
e-mail: sbyt@mcfr.kz, info@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

sb1@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантукеева

support@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 130)

Подписку можно оформить:

- по online-заявке – [www.kadry.mcfr.kz](http://www.kadry.mcfr.kz)
- в редакции, в отделе адресной подписки
- по каталогам (подписной индекс – **75385**)
  - «Казпочта»: почтовые отделения
  - «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87
  - «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 375-12-65

Свидетельство о постановке на учёт  
периодического печатного издания  
и информационного агентства № 15567-Ж  
от 18.09.2015 выдано Министерством  
по инвестициям и развитию Республики  
Казакстан. Комитет связи, информатизации  
и информации.

Мнение редакции может не совпадать  
с мнением авторов.

Перепечатка материалов, опубликованных

в журнале, допускается только

с письменного согласия редакции.

Представленные тексты нормативных  
правовых актов идентичны официально  
опубликованным версиям.

Редакция не несёт ответственности  
за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе

принимаются в течение 10 календарных

дней со дня выхода номера.

Подписано в печать 30.11.2020.

Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Тираж 5 000 экз.

Печать офсетная. Бумага офсетная.

Заказ № \_\_\_\_ Цена договорная.

ТОО «МЦФЭР–Казакстан». Юридический адрес:

050009, г. Алматы, ул. Шевченко,

ул. ул. Радостовца, 1656/72г, офис 712.

Отпечатано в соответствии

с представленными материалами

в типографии ТОО «Print House Gerona»,

ул. Сатпаева, 30а/3, офис 124.

Тел.: +7 (727) 250-47-40, 398-94-60

© ТОО «МЦФЭР–Казакстан», 2020

# ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ № 12 (168) 2020 ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ



## Құрметті оқырмандар!

Издаётся с января 2007 года  
Периодичность – 1 раз в месяц

*Жаңа жыл мен гажайыпты, ертегі мен сиқырды күту – ең керемет кездейсоқтық. Алдағы уақытта нені өзертте аламыз? Біз өзімізді өзертте аламыз ба? Неғұрлым кәсіби, дана, қайырымды бола аламыз ба? Бұған қалай жақындауымыз керек және осы жылы нені істеп үлгеруіміз керек? 2021 жылға оңай қадам басу үшін желтоқсан айында маңызды нәрселерді қалай жіберіп алмау туралы біліп алыңыз.*

*Журналдың мерекелік нөмірінде жыл басына істер номенклатурасын нұсқаулар бойынша қатесіз қалай жасау керектігін айтамыз.*

*Бұдан әрі штат кестесінде қандай бөлімдер әріптестер арасында дау туғызатынын айтамыз және сіздер үшін заңгерлер тексерген үлгісін жасаймыз.*

*Содан кейін әркім білуге және қолдануға міндетті электрондық поштаны пайдаланудың жалпы қабылданған қағидаларымен таныстырамыз.*

*Журналдың соңында бизнес-кейстің шешімін тауып «Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу» журналының жүлдесін ұтып алыңыз.*

*Мақалаларға берген бағаларыңыз бен жазған пікірлеріңіз үшін алғысымызды айтамыз. Олар біз үшін өте маңызды!*

*Сіздерге қолайлы болу үшін журнал баспа және электрондық форматтарда шығады. Журналға [www.e.delopro.mcfr.kz](http://www.e.delopro.mcfr.kz) сайтында жазылуға болады. Сондай-ақ [www.vip-kadry.mcfr.kz](http://www.vip-kadry.mcfr.kz) сайтында қолжетімді біздің «ACTUALIS: Кадровое дело» жүйемізге кіріңіздер, онда өздеріңіз үшін өзекті және пайдалы ақпаратты көбірек табасыздар.*

*Алла Ким, бас редактор,  
e-mail: [kadry-otk2@mcfr.kz](mailto:kadry-otk2@mcfr.kz)*



## Уважаемые читатели!

*Новый год и ожидание чуда, сказки и волшебства – самое прекрасное совпадение. Что мы можем изменить в наступающем? Станем ли другими, лучшими? Чуть профессиональнее, мудрее, отзывчивее. Как приблизиться к этому и что успеть сделать ещё в этом году? Узнайте, как не упустить самое важное в декабре, чтобы с лёгкостью войти в 2021 год.*

*В праздничном номере журнала расскажем, как составить без ошибок номенклатуру дел к началу года по образцам и подсказкам.*

*Далее выясним, какие разделы в штатном расписании вызывают больше всего споров у коллег и составим для вас проверенный юристами образец. Поможем разобраться, что допустимо в штатном расписании, а что вносить категорически нельзя.*

*Затем познакомим с общепринятыми правилами пользования электронной почтой, которые необходимо знать и применять. Остановимся подробно на наиболее значимых.*

*И в заключение попробуйте найти решение для бизнес-кейса и выиграйте приз от журнала «Делопроеводство в Казакстане».*

*Спасибо вам за оценки и комментарии к статьям. Для нас они очень важны!*

*Обратите внимание, что для вашего удобства журнал выходит в печатном и электронном форматах. Оформить подписку на них можно на сайте [www.e.delopro.mcfr.kz](http://www.e.delopro.mcfr.kz). В электронной системе «ACTUALIS: Кадровое дело», доступной на сайте [www.vip-kadry.mcfr.kz](http://www.vip-kadry.mcfr.kz), размещено ещё больше актуальной и полезной информации.*

*Алла Ким, главный редактор,  
e-mail: [kadry-otk2@mcfr.kz](mailto:kadry-otk2@mcfr.kz)*

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

**А. Ж. Қарымсақов**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Орталық мемлекеттік архиві» РММ директоры*

**Ә. Н. Нысанбаев**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының академик-хатшысы, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор*

**В. П. Стремский**

*Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының бірінші вице-ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор*

**Т. Н. Тойбаев**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазба архиві» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры*

**З. Б. Агибетов**

*Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысы*

**Р. С. Шимашева**

*Алматы қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы*

**А. А. Адельгужин**

*құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды архивтік сақтау жөніндегі сарапшы, Алматы қ.*

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

**А. Ж. Қарымсақов**

*директор РГУ «Центральный государственный архив» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан*

**А. Н. Нысанбаев**

*академик-секретарь Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, академик НАН Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор*

**В. П. Стремский**

*первый вице-ректор Института государственного и местного управления, кандидат исторических наук, профессор*

**Т. Н. Тойбаев**

*директор Республиканского государственного учреждения «Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан*

**З. Б. Агибетов**

*руководитель Департамента Комитета труда, социальной защиты и миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан по Алматинской области*

**Р. С. Шимашева**

*руководитель управления по развитию языков, архивов и документации акимата г. Алматы*

**А. А. Адельгужин**

*эксперт по документированию, управлению документацией и архивному хранению документов, г. Алматы*

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ АҚЫ ТӨЛЕНЕТІН ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫН АУЫСТЫРУ  
ТУРАЛЫ ЖҰМЫСКЕРГЕ ЖІБЕРІЛЕТІН ХАБАРЛАМА ҮЛГІСІ

«АЛТЫН»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігі

Эмблемасы,  
логотип,  
тауар белгісі  
(қызмет көрсету  
белгісі)

Товарищество  
с ограниченной  
ответственностью  
«АЛТЫН»

2020 жылғы 07 желтоқсан  
Алматы қаласы

№ 18  
г. Алматы

Құрылымдаушы дизайнер  
Иванов Иван Петровичке

**Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын  
ауыстыру туралы**

**ХАБАРЛАМА**

Құрметті Иван Петрович!

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 93-бабының 2-тармағына сәйкес өндірістік қажеттілікке байланысты (басқа себепті көрсету) бекітілген еңбек демалысының кестесін бұзуға мәжбүр екенімізді Сізге хабарлаймыз.

20\_жылғы «\_» \_\_\_\_\_ дейін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын Сізге кешірек берілетін басқа уақытқа ауыстыруға келісіміңізді беруді (келіспеуіңізді көрсетуді) өтінеміз.

Осы хабарламаны алғаныңыз туралы қол қойып, оны берген күніңізді көрсетуді және Сіздің демалысыңыздың кестесін өзгертуге келіскеніңіз (келіспегеніңіз) туралы белгі қоюыңызды сұраймыз.

Сіздің түсіністік білдіретініңізге үміттенеміз.

**Директор**

*Иманбаев*

**А. Иманбаев**

М. О.

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын ауыстыру туралы хабарламаны алдым:

Еңбек демалысын ауыстыруға келісемін \_\_\_\_\_ И. Иванов  
(қолтаңбасы)

Еңбек демалысын ауыстырудан бас тартамын \_\_\_\_\_ И. Иванов  
(қолтаңбасы)

2020 жылғы 07 желтоқсан *Иванов* И. Иванов

Орынд. В. В. Верина  
Тел.: 8 (000) 000 00 00





ОБРАЗЕЦ УВЕДОМЛЕНИЯ РАБОТНИКА О ПЕРЕНОСЕ  
ОПЛАЧИВАЕМОГО ЕЖЕГОДНОГО ТРУДОВОГО ОТПУСКА

«АЛТЫН»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігі

Эмблема,  
логотип,  
товарный знак  
(знак  
обслуживания)

Товарищество  
с ограниченной  
ответственностью  
«АЛТЫН»

07 декабря 2020 года  
Алматы қаласы

№ 18  
г. Алматы

Дизайнеру-конструктору  
Иванову Ивану Петровичу

**О переносе оплачиваемого  
ежегодного трудового отпуска**

**УВЕДОМЛЕНИЕ**

Уважаемый Иван Петрович!

В соответствии с пунктом 2 статьи 93 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V, уведомляем Вас о том, что в связи с производственной необходимостью (указать другую причину) мы вынуждены нарушить утверждённый график отпусков.

Просим Вас дать своё согласие (выразить несогласие) до «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 года на перенос трудового оплачиваемого отпуска на другое время, которое будет Вам предоставлено позже.

Просим Вас расписаться в получении данного уведомления, поставить дату его вручения и отметку о согласии (несогласии) на изменение графика Вашего отпуска. Надеемся на понимание с Вашей стороны.

**Директор**

*Иманбаев*

**А. Иманбаев**

М. П.

Уведомление о переносе оплачиваемого ежегодного трудового отпуска получил:

Согласен(-на) на перенос трудового отпуска \_\_\_\_\_ И. Иванов  
(подпись)

Отказываюсь от переноса трудового отпуска \_\_\_\_\_ И. Иванов  
(подпись)

07 декабря 2020 года *Иванов* И. Иванов


Исп. В. В. Верина  
Тел.: 8 (000) 000 00 00



Келесі нөмірден  
оқитындарыңыз:

- ▶ Ұйымның қандай құжаттарын және қалай бекіту керек
- ▶ Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық құрылғысының жүйесі
- ▶ Құжаттарға көміліп қалмау үшін оларды қалай тіркеуге болады?

Шартты белгілер



## ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

2021 жылға арналған өндірістік күнтізбе ..... 9

## ҚҰЖАТ РЕСІМДЕЙМІЗ

### Ш. Әбдіғалиқызы

Істер номенклатурасы–2021 қатесіз:  
дайын үлгілерін қолданыңыз ..... 13

### О. Куур

2021 жылы штат кестесінің ең маңызды  
бес бағанында қалай қателеспеуге болады ..... 29

## АРХИВ ІСІ

### А. Адельгужин

Архив құжаттары: сипаттау қағидаттары,  
әдістері және элементтері туралы не білу керек ..... 37

## ІСКЕРЛІК ХАТТАМА ЖӘНЕ ӘДЕП

### Н. Артонкина

Әрбір кәсіпқой білуге тиіс e-mail-этикеттің  
15 қағидасы ..... 44

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

### А. Тыналин

«Шығындарды өтей отырып, қызметтік сапарлар  
үшін көлік құралын пайдалануға шарт жасаймыз»  
кейсі ..... 50



Читайте  
в следующем номере:

- ▶ Какие документы организации и как нужно утверждать
- ▶ Система научно-справочного аппарата ведомственного (частного) архива организации
- ▶ Как регистрировать документы, чтобы не закопаться в них

Условные обозначения



СИТУАЦИЯ



РЕКОМЕНДУЕМ



СЛОВАРЬ



ОШИБКА



ПРИМЕР



ЦИТИРУЕМ ЗАКОН



РЕЗЮМЕ



ВОПРОС



НА ЗАМЕТКУ



ВНИМАНИЕ

## ПРАКТИКУМ ПО ДЕЛОПРОИЗВОДСТВУ

Производственный календарь на 2021 год ..... 53

## СОСТАВЛЯЕМ ДОКУМЕНТ

### Ш. Өбдіғалиқызы

Номенклатура дел–2021 без ошибок:  
используйте готовые образцы и подсказки ..... 57

### О. Куур

Как не ошибиться в пяти главных графах  
штатного расписания на 2021 год ..... 73

## АРХИВНОЕ ДЕЛО

### А. Адельгужин

Документы архива: что нужно знать о принципах,  
методах и элементах описания ..... 81

## ДЕЛОВОЙ ПРОТОКОЛ И ЭТИКЕТ

### Н. Артонкина

15 правил e-mail-этикета, которые должен знать  
каждый профессионал ..... 88

## ШКОЛА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА

### А. Тыналин

Кейс «Составляем договор на использование  
транспортного средства для служебных поездок  
с компенсацией затрат» ..... 94







## ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ТІЗІМІ

**Құжаттама жасау қағидалары** – «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 Қаулысы

**Үлгілік құжаттар тізбесі** – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі (2020.06.10 берілген өзгерістермен)

**Іс номенклатурасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар** – Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Архивтер және құжаттаманы басқару комитеті төрағасының орынбасарының 2001 жылғы 21 тамыздағы № 48 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік емес ұйымның іс номенклатурасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар

**ҚР СТ 1037-2001** – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарты ҚР СТ 1037-2001 «Мемлекеттік іс жүргізу және архив ісі. Терминдер мен анықтамалар», Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау және сертификаттау комитетінің 2001 жылғы 14 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген.





## СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ ИСПОЛЬЗУЕМЫХ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ

**Правила документирования** – Правила документирования, управления документацией и использования систем электронного документооборота в государственных и негосударственных организациях, утверждённые постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 703

**Перечень типовых документов со сроками хранения** – Перечень типовых документов, образующихся в деятельности государственных и негосударственных организаций, с указанием срока хранения, утверждённый приказом и. о. Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 29 сентября 2017 года № 263 *(с изменениями по состоянию на 06.10.2020)*

**Методические рекомендации по разработке номенклатуры дела** – Методические рекомендации по разработке номенклатуры дела негосударственной организации, утверждены приказом Заместителя Председателя Комитета по управлению архивами и документацией Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан от 21 августа 2001 года № 48

**СТ РК 1037-2001** – Государственный стандарт Республики Казахстан СТ РК 1037-2001 «Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения», утверждён и введён в действие приказом Комитета по стандартизации и сертификации Министерства экономики и торговли Республики Казахстан от 14 мая 2001 года № 140



# 2021 жылға арналған өндірістік күнтізбе

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексiнiң 68-бабында (бұдан әрi мәтiн бойынша –ҚР ЕК) жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиiс екенi көзделген.

Еңбек шартында жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы үшiн төленетiндей төлемақымен ұзақтығы азырақ жұмыс уақыты көзделуi мүмкiн.

Сондай-ақ ҚР ЕК жұмыскерлердiң жекелеген санаттары үшiн, яғни (ҚР ЕК 69-бабы):

- он төрт жастан он алты жасқа дейiнгi жұмыскерлер үшiн – аптасына 24 сағаттан аспайтын;
- он алты жастан он сегiз жасқа дейiнгi жұмыскерлер үшiн – аптасына 36 сағаттан аспайтын;
- ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауiптi жұмыстарда iстейтiн жұмыскерлер үшiн Өндiрiстердiң, цехтардың, кәсiптер мен лауазымдардың тiзiмiне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауiптi жұмыстардың тiзбесiне сәйкес аптасына – 36 сағаттан аспайтын;
- бiрiншi және екiншi топтағы мүгедек жұмыскерлер үшiн 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгiленедi.

ҚР ЕК 79-бабына сәйкесұйымдарда жұмыскер жұмыс iстеген және жұмыс iстемеген уақыт есепке алынуға тиiс.

Бес күндiк жұмыс аптасы кезiнде күнделiктi жұмыстың (жұмыс ауысымының) ұзақтығы апталық норма 40 сағат болғанда – 8 сағаттан, апталық норма 36 сағат болғанда – 7 сағат 12 минуттан аспауға тиiс; алты күндiк жұмыс аптасы кезiнде күнделiктi



жұмыстың (жұмыс ауысымының) ұзақтығы апталық норма 40 сағатқа тең болғанда – 7 сағаттан, апталық норма 36 сағат болғанда – 6 сағаттан аспауға тиіс және т. б.

Осыған байланысты жұмыс уақытының ұзақтығы төмендегіні құрайды:

**40 сағаттық жұмыс аптасында:**

- бес күндік жұмыс аптасы кезінде – 8 сағаттан бес жұмыс күні;
- алты күндік жұмыс аптасы кезінде – 7 сағаттан бес жұмыс күні және ұзақтығы 5 сағат болатын бір жұмыс күні;

**36 сағаттық жұмыс аптасында:**

- бес күндік жұмыс аптасы кезінде – 7 сағат 12 минут болатын (7,20 сағат) бес жұмыс күні;
- алты күндік жұмыс аптасы кезінде – 6 сағаттан алты жұмыс күні.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267 Заңына сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша – *Мерекелер туралы заң*) Қазақстан Республикасындағы ұлттық және мемлекеттік мерекелер атап өтілетін күндер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері деп танылады.

**Қазақстан Республикасындағы мереке күндері жұмыс күндеріне кірмейді.**

Демалыс және мереке күндері сәйкес келген жағдайда мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болып табылады.

**Қазақстан Республикасындағы атап өтілетін мереке күндері:**

**ұлттық мереке:**

- 16–17 желтоқсан – Тәуелсіздік күні;

**мемлекеттік мерекелер:**

- 1–2 қаңтар – Жаңа жыл;
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;
- 21–23 наурыз -- Наурыз мейрамы;
- 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;
  - 7 мамыр – Отан қорғаушы күні;
  - 9 мамыр – Жеңіс күні;
  - 6 шілде – Астана күні;
  - 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні.
  - 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні.

Осыған орай, 2021 жылғы жұмыс уақытының балансын құру кезінде Мерекелер туралы заңның нормаларын есепке ала оты-



рып, демалыс күндеріне (сенбі, жексенбі) сәйкес келетін мереке күндері мерекеден кейінгі жұмыс күніне ауыстырылды:

**бес күндікте:**

- 2 қаңтардан 4 қаңтарға;
- 21 наурыздан 24 наурызға;
- 1 мамырдан 3 мамырға;
- 9 мамырдан 10 мамырға;

**алты күндікте:**

- 21 наурыздан 24 наурызға;
- 9 мамырдан 10 мамырға.

ҚР ЕК 84-бабына сәйкес бес күндік және алты күндік жұмыс аптасында жексенбі жалпы демалыс күні болып табылады.

Бес күндік жұмыс аптасындағы екінші демалыс күні ұжымдық шартта немесе еңбек тәртіптемесі қағидаларында белгіленеді.

Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, 7 қаңтар – православиелік Рождество демалыс күндері болып табылады.

**2021 жылы Құрбан айттың бірінші күні 21 шілдеге тура келеді.**

Өндірістік күнтізбеде жұмыс күндері (сағаттары) бойынша айларға, тоқсандарға және жалпы 2021 жылға жұмыс уақытының нормасы келтірілген. Ол 40 сағаттық және 36 сағаттық жұмыс аптасында сегіз, жеті және алты сағаттық жұмыс күнінің негізінде бес күндік және алты күндік жұмыс аптасының күнтізбесі бойынша есептелген.

**2021 жылы жұмыс уақытының нормасы:**

**40 сағаттық жұмыс аптасында:**

- бес күндік – 1960 сағатты (245 күн × 8,00 сағат);
- алты күндік – 1979 сағатты (247 күн × 6,00 сағат + 50 күн × 5,00 сағат);

**36 сағаттық жұмыс аптасында:**

- бес күндік – 1764 сағатты (245 күн × 7,20 сағат);
- алты күндік – 1782 сағатты (297 күн × 6,00 сағат) құрайды.

**2021 жылға арналған жұмыс күндерінің орташа айлық саны:**

- бес күндік жұмыс аптасында – 20,42 күнді;
- алты күндік жұмыс аптасында – 24,75 күнді құрайды.

2021 жылға арналған күнтізбелік күндердің орташа айлық саны **29,25-ті** құрайды (*Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мереке күндерін қоспағанда*).




## ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАЛАНСЫ

Ай, тоқсан, жарты- жылдық, 9 ай, жыл	Күндер саны		Жұмыс күндері							
	күнтіз- белік күндер	мереке күндерін қоспаған- дағы күнтізбелік күндер	40 сағаттық жұмыс аптасы				36 сағаттық жұмыс аптасы			
			айдың 1-күнінен бастап соңына дейінгі жұмыс кестесі				айдың 1-күнінен бастап соңына дейінгі жұмыс кестесі			
			бес күндік		алты күндік		бес күндік		алты күндік	
күндер		күн- дер	сағат- тар	күн- дер	сағат- тар	күн- дер	сағат- тар	күн- дер	сағат- тар	
қаңтар*	31	29	18	144	23	153	18	129,60	23	138,00
ақпан	28	28	20	160	24	160	20	144,00	24	144,00
наурыз*	31	27	19	152	23	153	19	136,80	23	138,00
<b>I-тоқсан</b>	<b>90</b>	<b>84</b>	<b>57</b>	<b>456,00</b>	<b>70</b>	<b>466</b>	<b>57</b>	<b>410,40</b>	<b>70</b>	<b>420,00</b>
сәуір	30	30	22	176	26	174	22	158,40	26	156,00
мамыр*	31	28	18	144	23	153	18	129,60	23	138,00
маусым	30	30	22	176	26	174	22	158,40	26	156,00
<b>II-тоқсан</b>	<b>91</b>	<b>88</b>	<b>62</b>	<b>496,00</b>	<b>75</b>	<b>501,00</b>	<b>62</b>	<b>446,40</b>	<b>75</b>	<b>450,00</b>
<b>I жарты- жылдық</b>	<b>181</b>	<b>172</b>	<b>119</b>	<b>952,00</b>	<b>145</b>	<b>967,00</b>	<b>119</b>	<b>858,80</b>	<b>145</b>	<b>870,00</b>
шілде	31	30	20	160	25	165	20	144,00	25	150,00
тамыз	31	30	21	168	25	167	21	151,20	25	150,00
қыркүйек	30	30	22	176	26	174	22	158,40	26	156,00
<b>III-тоқсан</b>	<b>92</b>	<b>90</b>	<b>63</b>	<b>504,00</b>	<b>76</b>	<b>506,00</b>	<b>63</b>	<b>453,60</b>	<b>76</b>	<b>456,00</b>
<b>9 ай</b>	<b>273</b>	<b>262</b>	<b>182</b>	<b>1 456,00</b>	<b>221</b>	<b>1 473,00</b>	<b>182</b>	<b>1 310,40</b>	<b>221</b>	<b>1 326,00</b>
қазан	31	31	21	168	26	172	21	151,20	26	156,00
қараша	30	30	22	176	26	174	22	158,40	26	156,00
желтоқсан	31	28	20	160	24	160	20	144,00	24	144,00
<b>IV-тоқсан</b>	<b>92</b>	<b>89</b>	<b>63</b>	<b>504,00</b>	<b>76</b>	<b>506,00</b>	<b>63</b>	<b>453,60</b>	<b>76</b>	<b>456,00</b>
<b>Жыл</b>	<b>365</b>	<b>351</b>	<b>245</b>	<b>1 960,00</b>	<b>297</b>	<b>1 979,00</b>	<b>245</b>	<b>1 764,00</b>	<b>297</b>	<b>1 782,00</b>
<b>Орташа айлық баланс</b>		<b>29,25</b>	<b>20,42</b>	<b>163,33</b>	<b>24,75</b>	<b>164,92</b>	<b>20,42</b>	<b>147,00</b>	<b>24,75</b>	<b>148,50</b>

\* Мереке күндері демалыс күндерімен сәйкес келген жағдайда, мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болып табылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсындағы материал қолданылды:  
[www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz).

**Ш. Әбдіғалиқызы,**  
іскерлік әкімшілік магистрі, нұсқаушы-тренер,  
Алматы қ.



# Істер номенклатурасы-2021 қатесіз: дайын үлгілерін қолданыңыз



Қазір 2021 жылға арналған жаңа істер номенклатурасын қайта қарап, бекітетін уақыт келді. Номенклатураны құрған кезде сіздің әріптестеріңіздің статистика бойынша 80 пайызына дейін жіберетін әдеттегі қателіктерге тоқталайық. Бұл қателіктер жылдан жылға жалғасуда. Мысалы, іс тақырыбындағы қателік неге алып келуі мүмкін? Бұл іс бойынша құжатты ешкім ешқашан таба алмай, сізден сұрайтын жағдайда алып келеді. Сізге істер тізімін қалай дұрыс құруға және қателіктердің алдын алуға болатынын айтамыз.



## Істер номенклатурасын жасап, істерді қалыптастырып, сақтау



**Мақсат.** Істер номенклатурасы орындалған құжаттарды істерге топтастыруға, істерді жүйелеу мен есепке алуға, олардың сақтау мерзімдерін айқындауға арналған. Бұл уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істердің тізімдемесін жасауға, сондай-ақ уақытша (10 жылға дейінгі) сақтаудағы істерді есепке алу үшін негіз болады (Құжаттама жасау қағидаларының 127-бабы).

Істер номенклатурасына ұйымда қалыптасатын және ұйымға келіп түсетін барлық құжаттар енгізіледі. Электрондық құжаттар және дерекқорлар істер номенклатурасына жалпы негізде енгізіледі.

Істер номенклатурасында ақпарат тасығыш көрсетілген электрондық немесе қағаз құжаттың нысаны тіркеледі. Электрондық құжатта ақпаратты тасығыш көрсетіледі. Істер номенклатурасы мыналарды қамтиды:

1. Ұйымның ресми атауы, құжаттың атауы, әзірленген орны мен жылы көрсетілген титулдық парақ (1-қосымша).
2. Индекстері көрсетілген істер номенклатурасы бөлімдерінің тізбесі (2, 3, 4 қосымшалар).
3. Қысқартылған сөздердің тізімі, олардың толық жазылуы (5-қосымша).
4. Істер номенклатурасының негізгі (сипаттамалық) бөлігі (6, 7 қосымшалар).
5. Істер номенклатурасына қорытынды жазба (8-қосымша).

**Мәлімдеме.** Істер номенклатурасын жасау кезінде келесі құжаттар қолданылады:

1. Істің номенклатурасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.
2. Құжаттама жасау қағидалары.
3. Құрылтай құжаттары.
4. Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер.
5. Жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.
6. Сақтау мерзімдері көрсетілген құжаттардың үлгілік, салалық (ведомстволық) тізімдері.
7. Істердің типтік (үлгілік) номенклатурасы.
8. Құрылым (штаттық кесте).
9. Жұмыс туралы жоспарлар мен есептер.
10. Ұйым қызметінде қалыптастырылатын құжаттардың түрлерін, құрамын және мазмұнын зерттейді.

Істер номенклатурасының жобасы жылдың IV тоқсанында жарияланған ұйым басшысының бұйрығымен ресімделеді. Бұйрықта:

1. Құжаттама қызметінің істер жиынтық номенклатурасын жөніндегі жауапты орындаушыларын тағайындайды және оны жасау мерзімін белгілейді.
2. Ұйымның сараптама комиссиясымен келісу мерзімін белгілейді.
3. Мемлекеттік архивтің сараптама комиссиясымен келісу мерзімін белгілейді.
4. Ұйым басшысымен келісу мерзімін белгілейді.

Бұйрыққа мыналар қоса беріледі:

- бекіту үшін құрылымдық бөлімшелердің индекстерін (сандық белгілеулер) (3, 4 қосымшалар);
- құрылымдық бөлімшелердің (қызмет салаларының) істер номенклатураларының жобалары ұсынылатын кесте.
- Ұйымның жиынтық номенклатурасын (7-қосымша) тиісті бөлімшелер ұсынған құрылымдық бөлімшелер істерінің номенклатурасы негізінде (ағымдағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей) басқаруды құжаттамен қамтамасыз ету қызметі жасайды (бұдан әрі мәтін бойынша – БҚҚ қызметі).





Жаңадан құрылған бөлімше бір ай мерзімінде істердің номенклатурасын әзірлеуге және оны БҚҚ қызметіне ұсынуға міндетті. Ұйымдағы істердің жиынтық номенклатурасына:

- 1) БҚҚ қызметінің басшысы қол қояды;
- 2) ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің (қызмет бағыттарының) басшылары келісіп, қол қояды;
- 3) ұйымның сараптама комиссиясымен келіседі;
- 4) құжаттарды тұрақты сақтауға өткізетін мемлекеттік архивтің (жергілікті атқарушы органның) сараптама комиссиясымен келіседі;
- 5) ұйым басшысы бекітеді (ағымдағы жылдың аяғынан кешіктірмей).

Егер ұйымның функциясы мен құрылымында түбегейлі өзгерістер болмаса, істер номенклатурасы мемлекеттік архивтік мекемелермен **кемінде бес жылда бір рет** келісіледі. Ұйымның жүктелген міндеттері, функциялары мен құрылымы өзгерген жағдайда, қайта құру аяқталғаннан кейін **бір ай ішінде** істер номенклатурасы қайта жасалып, келісіліп, белгіленген тәртіппен бекітілуі керек. Ұлттық архив қорын толықтырмайтын ұйымдар істер номенклатурасын мемлекеттік архив мекемесінің сараптау комиссиясының бекітуіне жібере алмайды. Істер номенклатурасы қажетті дана санымен басылып шығарылады. Бекітілген номенклатураның бір данасы ол келісілген мемлекеттік архивте сақталады.

**Қолданылуы.** Ұйымның басшысы істер номенклатурасын жыл соңында нақтылайды, бекітеді. Ол келесі жұмыс жылының 1 қаңтарынан бастап, білім беру ұйымдары үшін – 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі. Істер номенклатурасы бекітілгеннен кейін ұйымның құрылымдық бөлімшелері оның тиісті бөлімдерінен үзінді көшірмелерді алып, оларды өз жұмысында қолданады.

**Әзірлеу.** Істер номенклатурасы бөлімдерінің атаулары ұйымның бекітілген құрылымына (штаттық кестеге) сәйкес орналастырылатын құрылымдық бөлімшелердің атаулары болып табылады. Номенклатураның бірінші бөліміне өкімдік құжаттар мен басшылық басқаратын консультативтік-кеңесші органдардың құжаттары қамтылған істердің тақырыптары енгізілген. Филиалдар мен өкілдіктердің құжаттары ұйымның істер номенклатурасына бөлімдер ретінде енгізілуі мүмкін. Қоғамдық ұйымның атауы істер номенклатурасының дербес бөлімі бола алады. Бұл бөлім ұйымның істер номенклатурасының барлық бөлімдерінен кейін орналасқан. Құрылымы жоқ ұйым үшін істер номенклатурасы өндірістік-салалық немесе функционалдық схемаға сәйкес құрылады.

Бөлімнің тақырыптары ұйымның бағыттарына сәйкес келуі керек. Мысалы, «Бухгалтерлік есеп және есептілік», «Кадр мамандарымен жұмыс» және т. с. с.

Жоғары тұрған органның (ұйымның) БҚҚ қызметі құжаттарының құрамы біртекті ведомствоға қарасты ұйымдар үшін істердің үлгілік (болжамды) номенклатурасын әзірлейді. Мұндай номенклатуралар уәкілетті органмен немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісуге жатады.

Істер номенклатурасына ұйымның құжатталатын жұмыс учаскелері көрсетілген істер тақырыптарының барлығы, соның



ішінде жеке істер, істер тізімдемелері, тіркеу-бақылау нысандары, бақылау-анықтамалық, тақырыптық және басқа картотекалар, сондай-ақ деректер қоры енгізіледі. Баспа шығарылымдары істер номенклатурасына енгізілмейді.

Істер номенклатурасының **1-бағанында** номенклатураға енгізілген әр істің индексі қойылады. Істің индексі құрылымдық бөлімшенің сандық белгілерінен және құрылымдық бөлімше шегіндегі номенклатура бойынша істер тақырыбының реттік нөмірінен тұрады. Индекстің элементтері бір-бірінен сызықша арқылы ажыратылады. Мысалы, «08-17» индексі, мұндағы 08 саны ұйымның құрылымдық бөлімшесінің индексі, 17 саны – істер номенклатурасына сәйкес істің реттік нөмірін білдіреді. Іс индекстерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін іс номенклатурасының әр бөлімінде бұрын көзделмеген жағдайларды белгілеуге бос (резервтік) индекстер қалдырылады. Істер номенклатурасында әртүрлі құрылымдық бөлімшелер шегінде біртекті істердің орналасу тәртібін сақтау ұсынылады, көшірілетін істер үшін индекстер сақталады.

Істер номенклатурасының **2-бағанына** істердің (томның, бөлімдердің) тақырыптары енгізіледі: Егер істе бірнеше том (бөлім) болса, онда бір индексті қайталап әр томға (бөлімге) қойып шығады, бұл орайда «1-том», «2-том» немесе «1-бөлім», «2-бөлім» және т. с. с.

## Тақырып болжалдылықты ұнатпайды

Нормативтік құжаттарда іс номенклатурасының тақырыптарына көптеген талаптар қойылады. Ол мағынаны бұрмауға, мазмұнын дәл жеткізуге, нақты болуға тиіс. Мұның бәрі болашақта жұмысты айтарлықтай жеңілдетеді.

1. Істің тақырыбы нақты, жинақталған түрде істегі құжаттың негізгі мазмұны мен құрамын көрсетуі тиіс.

2. Істің тақырыбында нақты емес тұжырымдарды («әртүрлі материалдар», «жалпы хат алмасу», «шығыс хат-хабарлар», «кіріс құжаттар»), сондай-ақ кіріспе және оралымы күрделі сөздерді қолдануға рұқсат етілмейді.

3. Істің тақырыбы мынадай дәйектілікпен орналасатын элементтерден тұрады:

- іс түрінің атауы (хат алмасу, журнал) немесе құжаттардың әр түрлері (хаттамалар, бұйрықтар);
- ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы (құжат авторы), құжаттар жолданатын немесе олар алынатын ұйымның атауы (адресат немесе құжат корреспонденті);
- іс құжаттарының қысқаша мазмұны;
- іс құжаттарының мазмұны қатысты болатын жергілікті жердің (аумақтың) атауы;
- іс құжаттары жататын дата (кезең);
- құжаттың түпнұсқа немесе көшірме екенін көрсететін белгі.



4. Бір мәселе бойынша бірақ орындалу дәйектілігіне байланысты емес құжаттарды қамтитын істің тақырыптарында істің түрі ретінде «Құжаттар» термині қолданылады, содан кейін міндетті түрде құжаттардың негізгі түрлері көрсетіледі – «Қоғамның аймақтық филиалдарын ашу туралы құжаттар» (құрылтай және құқықтық құжаттардың көшірмелері, есептер, анықтамалар, талдамалық жазбалар, хат-хабарлар). «Құжаттар термині қандай да бір құжатқа қосымшалар бар істер тақырыптарында да қолданылады және мынадай түрде ресімделеді: «Компанияның директорлар кеңесі отырысының (отырыстарының) хаттамасы (хаттамалары) және оларға қатысты құжаттар» немесе «Компанияның директорлар кеңесінің отырысы хаттамасының құжаттары».

5. Хат алмасуды қамтитын істердің тақырыптарында оны кіммен және қандай мәселе бойынша жүргізілгені көрсетіледі – «Қоғамның Ақтөбе филиалымен 2021 бюджеттік жылға арналған Филиал қызметін қаржыландыру бойынша хат алмасуы». Егер біртекті корреспонденттермен хат алмасу жүргізілген жағдайда тақырыптарда олардың жалпы түр атауы көрсетіледі – «Қоғамның еншілес компанияларымен олардың қызметіне жаңа SAP бағдарламалық жасақтамасын енгізу туралы хат алмасуы».

6. Үштен астам корреспондентпен хат алмасуды қамтитын істердің тақырыбында олардың атаулары санамаланып келтірілмейді – «Қазақ хандығының 555 жылдығына арналған конференция өткізу туралы хат алмасу»

7. Істердің тақырыбында әкімшілік-аумақтық бірліктерді белгілеу кезінде мыналар ескеріледі:

- егер істің мазмұны біртекті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікке қатысты болса, онда істің тақырыбында олардың нақты атаулары көрсетілмейді, олардың жалпы түр атаулары көрсетіледі – «Мемлекеттік тілді енгізу бойынша, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының облыстық бөлімдерімен хат алмасу»;
- егер істің мазмұны бір әкімшілік-аумақтық бірлікке (елді мекенге) қатысты болса, онда істің тақырыбында оның атауы көрсетіледі – «Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қабылдауға жататын студенттердің квотасы туралы Қызылорда қаласының жоғары оқу орындарымен хат алмасу».

Іс жүзінде сұрау салу хатына жауап хатты қоса бермейтін жағдайлар жиі кездеседі. Ал бүкіл хат-хабарды хронологияға сәйкес қалыптастыру керек – сұрақ, содан кейін жекелеген хат-хабарларға сәйкес жауап қажет. Яғни, істерді кіріс және шығыс хат-хабарлар ретінде бөлек атауға болмайды. Құжаттарды топтастырудың бұл әдісі дұрыс емес, өйткені олар құжаттар арасындағы логикалық байланысты бұзады және оларды жедел қызметте де, істерді архивте сақтау кезінде де табуды қиындатады.

8. Жоспарлы немесе есептік құжаттаманы қамтитын істердің тақырыбында жоспар (есеп) жасалған кезең (тоқсан, жыл) көрсетіледі – «Қоғамның жылдық жұмыс жоспары», «Қоғамның тоқсандық жұмыс жоспарлары», «Қоғамның жылдық шығындар сметасы».



9. Сот, тергеу, жеке, дербес, төрелік сот және бір мәселе бойынша іс жүргізудің дәйектілігіне байланысты құжаттарды қамтитын басқа істердің тақырыптары «істері» деген сөзбен аяқталады, «Кәсіпорын жұмыскерлерінің жеке істері».

10. Іс бірнеше томнан немесе бөліктерден тұрса, онда істің жалпы тақырыбы жасалады, содан кейін қажет болған жағдайда әр томға (бөлікке) іс тақырыбының мазмұнын нақтылайтын тақырыптар жасалады.

Бір жыл ішінде істер номенклатурасында тақырыптар қарастырылмаған құжаттардың түрлері келіп түсетін немесе жасалатын жағдайлар бар. Егер мұндай құжаттарды кез келген іске қосу мүмкін болмаса немесе тиімсіз болса, олар жеке істерге жинақталып, жалпы қағидаларға сәйкес істің тақырыбын құрайды. Бұл жағдайда іс номенклатурасында жаңадан ашылған істерге белгілеуге тиіс резервтік индекстер қарастырылуы керек. Мұндай құжаттарды сақтау мерзімдері Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, құжаттар тізбесін бекіту тізбесінің негізінде белгіленеді немесе, қиындық туындаған жағдайда олар сараптама комиссиясының отырысында талқыланады және уәкілетті органның сараптама-тексеру комиссиясымен келісіледі. Қажет болған жағдайда жаңадан ашылған істердің тақырыптары келесі жылға арналған істер номенклатурасына енгізіледі.

Әртүрлі сақтау мерзімдері бар, соның ішінде бір мәселеге қатысты құжаттар бір іске құрылмайды. Мысалы, қызметтік жазбалар немесе баяндау хаттар бұйрық шығарылған фактілерге сәйкес негізгі қызмет бойынша бұйрыққа жасалуы мүмкін. Осы бұйрық күшіне енген және міндетті түрде түпнұсқаға қоса берілетін құжаттарға қарағанда, бұл құжаттар бұйрыққа қосымша болып табылмайды (мысалы, нұсқаулықтар, ережелер). Жеке құрам бойынша бұйрықтар өтініштер, түсіндірме жазбалар негізінде шығарылады. Қағидаларға сәйкес бұйрықта оның негізінде бұйрық дайындалған құжатқа сілтеме болуы керек, сондықтан бұйрық үшін барлық негіздер бес жылдан аспайтын сақтау мерзімімен бөлек қалыптастырылады.

## Тақырыптарды қалай орналастыру керек

Номенклатура бөлімдерінің ішіндегі істердің тақырыптары істі қамтитын құжаттардың маңыздылығының дәрежесіне және олардың өзара байланысына сәйкес орналастырылады (*б-қосымша*). Басында нормативтік құқықтық құжаттамадан тұратын істердің тақырыптары орналастырылады. Бұл ретте жоғары тұрған ұйымдардың қаулылары мен бұйрықтарын қамтитын істердің тақырыптары ұйымның бұйрықтары бар істер тақырыптарының алдында орналасады. Бұдан әрі қалған құқықтық актілерден, сондай-ақ жоспарлы және есептік құжаттардан тұратын істердің тақырыптары орналасады.

Өкімдік құжаттардың жобалары және оларды дайындау жөніндегі басқа да құжаттар, жоспарларға өзгерістер, бұйрықтарға негіздер істер номенклатурасында тиісті негізгі құжаттардың соңынан ор-



наласады. Географиялық және хат-хабар белгілері бойынша жүргізілген істердің тақырыптары істер номенклатурасына географиялық атаулар мен корреспонденттердің әліпбиі бойынша енгізіледі.

Істердің тақырыптары істерді қалыптастыру және тіркеу процесінде көрсетілуі мүмкін. Егер жыл ішінде қарастырылмаған жаңа құжатталған жұмыс бөлімдері пайда болса, олар номенклатураға қосымша енгізіледі.

**3-баған** күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін толтырылады.

**4-бағанда** сақталу мерзімдері көрсетілген құжаттардың үлгілік немесе ведомстволық (салалық) тізбесі тармақтарының (баптарының) нөміріне, олар болмаған жағдайда – үлгілік (болжамды) істер номенклатурасына сілтеме жасай отырып, істердің сақталу мерзімдері көрсетіледі.

**5-бағанда** БҚҚ қызметі:

істердің сақталу мерзімдерін айқындаған кезде пайдаланылған құжаттар тізбесінің, үлгілік (болжамды) істер номенклатурасының атауларын;

- өтпелі істер туралы белгі;
- аса құнды құжаттар мен істер туралы белгі;
- істерді жоюға бөлу туралы белгі;
- істерді қалыптастыруға жауапты адамдар туралы белгі;
- істерді басқа құрылымдық бөлімшеге немесе оларды жалғастыру үшін басқа ұйымға, ұйымның архивіне беру туралы белгі;
- құжаттардың электрондық көшірмелерінің бар-жоғы, олардың тасығыштарының түрлері мен сақталу орындары туралы белгі қояды.

Әр күнтізбелік (оқу) жылының соңында ұйымның іс жүргізу қызметі (іс жүргізуге жауапты лауазымды адам) номенклатураның тақырыптарын іс құжаттарының нақты құрамымен және олардың мазмұнымен тексереді (нақтылайды). Істер номенклатурасы аяқталғаннан кейін оларды сақтау мерзімдерін ескере отырып, ашылған істердің (томдардың) қысқаша жазбасы толтырылады (*8-қосымша*). Басталған істердің саны туралы ақпарат ұйымның архивіне жіберіледі, ол туралы олар тиісті жазба жасайды

Қазақ тіліндегі және орыс немесе өзге тілде жасалатын теңтүпнұсқалы істер номенклатурасын әрқайсысы жеке бланкіде басылып шығарылады және бірыңғай деректемелермен ресімделеді.

Құжаттардың парақтары (бланкілер және олардың қосымшалары) парақтың ортасында жоғарғы жағында реттік нөмірмен нөмірленеді (Құжаттама жасау қағидаларының 15-тармағы).

*Істер номенклатурасын жасауда қиын ештеңе жоқ. Ең бастысы – басынан бастап бәрін дұрыс және анық жасау. Егер компания мұндай құжатты бұрын дайындамаған болса, оны келесі жылға бекітіңіз. Есіңізде болсын, әр бөлім өз бөлімі бойынша істер номенклатурасын дербес әзірлейді. Дайын құжатты жыл сайын IV-тоқсанда жаңартыңыз. Істер номенклатурасы кәсіпорынның бүкіл құжат айналымын белгілі бір тәртіпте сақтайды, сонымен қатар қажетті істі немесе құжатты оңай және тез табуға мүмкіндік береді.*



**Ұйымның жиынтық істер номенклатурасының  
титулдық парағының үлгісі**

**«Шарапат» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік**

**2021 жылға арналған  
ІСТЕР НОМЕНКЛАТУРАСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2020



## Құрылымдық бөлімшелердің индекстерін бекіту туралы бұйрықтың үлгісі

«Шарапат»  
жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Эмблемасы,  
логотип,  
тауар белгісі  
(қызмет көрсету  
белгісі)

Товарищество с ограниченной  
ответственностью  
«Шарапат»

**БҰЙРЫҚ**

2020 жылғы 02 желтоқсан  
Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 456-П  
город Нур-Султан

**Құрылымдық бөлімшелердің индекстерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес, құжаттама жасау және құжаттарды басқару процестерді жетілдіру, іс қағаздарын жүргізуді бақылау, ақпараттық-анықтамалық мақсаттағы қызмет нәтижесінде туындаған құжаттарды есепке алу, ресімдеу және пайдалануды бақылау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2-қосымшаға сәйкес құрылымдық бөлімшелердің индекстері бекітілсін.
2. Құжаттама бөлімі құрылымдық бөлімшелерге бекітілген индекстер тізбесін жеткізсін. 2021 жылға арналған істер номенклатурасы бекітілген индекстерге сәйкес келтірілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бас директордың орынбасары М. Сүлейменге жүктелсін.

**Директор**

М. О.

*Төлжанұлы***Ә. Төлжанұлы**

Орынд. \_\_\_\_\_  
(бұйрықты дайындаған адамның аты, тегі)

Бұрыштама: (бұйрықтың жобасына немесе парақтың сыртқы бетіне)

Бұйрықпен таныстық:  
\_\_\_\_\_ аты, тегі



**«Шарапат» ЖШС құрылымдық бөлімшелерінің  
ИНДЕКСТЕРІ**

	<b>Жоғарғы орган:</b>
<b>01</b>	Жалпы жиналыс (акционерлердің, қатысушылардың)
	<b>Алқалық орган:</b>
<b>02</b>	Директорлар кеңесі
	<b>Атқарушы орган:</b>
<b>03</b>	Басшылық
<b>04</b>	Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс департаменті
<b>04-01</b>	Ұйымдастырушылық-әдістемелік бөлім
<b>04-02</b>	Заң бөлімі
<b>04-03</b>	Құжаттама жасау бөлімі және жеке архив
<b>05</b>	Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі
<b>06</b>	Нарық маркетингі департаменті
